

#3-4

(978-979)

16 ақпан

2024 жыл

ГАЗЕТ 2005 ЖЫЛДЫҢ 7 ҚАҢТАРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

JAS QAZAQ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ГАЗЕТИ



ISSN 2074-899X



9 772074 899002

@jasqazaqnews

vk.com.jasqazaq

Jasqazaq

Жас қазақ

jasqazaq.kz

jasqazaqkz

500-ДЕН АСТАМ
«ӘНІМЕН» МАҚТАНАТЫН
«ИНКУБАТОР»
САЗГЕРЛЕР КӨБЕЙДІ



6-8-БЕТ

ТУМЫСЫ
БӨЛЕК ТҰЛҒА



9-11-БЕТ

«БӘРІНЕ ОРТАҚ
ЖУРНАЛИСТИКА»
СПОРТПЕН АЙНАЛЫСУЫМА
ЖОЛ АШТЫ



12-БЕТ

Қазақстанда
жыл

30



Табысты серіктестікке
30 ЖЫЛ

Болашаққа бірге ұмтыламыз

Біз 1993 жылы Қазақстанмен әріптестік орнатқан алғашқы халықаралық энергетикалық компаниялардың бірі болдық. Сол кезден бастап "Шеврон" прогресті алға бастырған алып қуаттың көзіне айналды.

Отыз жылдық тарихы бар стратегиялық серіктестік барысында біз мыңдаған жұмыс орындарын ашып, отандық тауарлар мен қызметтерді пайдаланып, жергілікті мамандарды жетілдіруге күш салу арқылы Қазақстан экономикасының дамуына айтарлықтай үлес қостық. Осы уақыт аралығында Қазақстан әлемдік энергетикалық державаға айналды.

Бүгінгі таңда "Шеврон" Қазақстанмен табысты ынтымақтастығының 30 жылдығын мақтанышпен атап өтуде. Біз адамдардың өмірін жақсартуға, әлеуеттерін арттыруға және болашаққа бірге қадам басуға дайынбыз.

Толығырақ ақпарат <https://www.chevron.com/worldwide/kazakhstan> сайтында

the
human
energy
company®



BRENT \$82.64

USD 449,3 T

EUR 482 T

RUB 4,85 T

«ОСЫ УАҚЫТҚА ДЕЙІН БІЗ ЭКОНОМИКАНЫҢ ТҮРЛІ БАҒЫТЫНДА, СОНЫҢ ІШІНДЕ ЭНЕРГЕТИКА, ТАУ-КЕН ӨНЕРКӘСІБІ, АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ, ҚҰРЫЛЫС ЖӘНЕ ТУРИЗМ САЛАЛАРЫНДА КӨПТЕГЕН БІРЛЕСКЕН ЖОБАНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРДЫҚ. АЛДАҒЫ УАҚЫТТА ҚАТАРДЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЕҢ ІРІ 10 ИНВЕСТИТОРДЫҢ БІРІ БОЛУЫНА МҮМКІНДІК МОЛ. ӘМІРМЕН КЕЗДЕСУДЕ БІЗ САУДА КӨЛЕМІН ҰЛҒАЙТУ ЖӨНІНДЕ АЛДЫМЫЗҒА ЖАҢА МАҚСАТ ҚОЙДЫҚ. МҰНАЙ МЕН ГАЗДЫ БАРЛАУ САЛАСЫ ДА ӨТЕ ПЕРСПЕКТИВТІ БАҒЫТ САНАЛАДЫ. БІЗ МАҢЫЗДЫ ГЕОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҢАЛЫҚТАРҒА ЫҚПАЛ ЕТЕТІН ОЗЫҚ ӘЛЕМДІК ТӘЖІРИБЕЛЕРДІ МЕҢГЕРУ ҮШІН ЖҰМЫС ІСТЕП ЖАТЫРМЫЗ».

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қатарға мемлекеттік сапарында осы елдің Консультативтік кеңесі мүшелері алдында сөйлеген сөзінде осылай деп атап көрсетті. Мемлекет басшысы қазіргі жаһандық және өңірлік күн тәртібіне қатысты Қазақстанның ұстанымын білдіріп, Қатарға алғашқы мемлекеттік сапары кезінде қонақжайлық көрсеткені үшін Әмір Тәммим бен Хамад Әл Тәниге алғыс айтты.

Айта кетейік, Қасым-Жомарт Тоқаев – Консультативтік Кеңестің алдында сөз сөйлеген алғашқы шетел президенті. Мемлекет басшысы Қатардың 2021 жылы заң шығарушы органға алғаш сайлау өткізгенін атап өтіп, бұл шешімнің маңызы зор екеніне назар аударды. Оның айтуынша, аталған бастама Қатардың өркендеуіне ықпал етіп, халықаралық беделін нығайтады.

Мемлекет басшысының пікірінше, Қазақстан мен Қатар берік достық байланыстарға, ортақ құндылықтарға және өзара қолдауға негізделген сенімді серіктестік қатынастарды құптады.

«Кейінгі уақытта елдеріміз арасындағы ықпалдастықтың артып келе жатқанына көңіліміз толатынын атап өткім келеді. Екі

елдің кәсіпкерлері мен азаматтары визасыз режим мен апта сайын ұшатын 20-ға жуық рейстің игілігін көріп отыр. Дегенмен бұл көрсеткішті арттыруға мүмкіндік бар. Сондықтан алдымызда атқаратын қыруар жұмыс тұр. Менің сапарым және Қатар басшылығымен бүгінгі пікір алмасулар өзара қарым-қатынасымызды одан әрі нығайтуға

көздеген мәмілегерлік әрекеттеріне жоғары баға берді. Қатармен көп жақты серіктестіктің орнықты дамуы өңірдегі, әсіресе, Ауғанстандағы қауіпсіздік пен тұрақтылыққа тікелей байланысты.

Президенттің пікірінше, Орталық Азия қазір өз тарихындағы бетбұрыс кезеңін өткеріп жатыр. Өңірдегі саяси және экономикалық байланыстар едәуір жандана түсті.

ҚАЗАҚСТАН-ҚАТАР: СЕНІМДІ СЕРІКТЕСТІК ЖАЛҒАСАДЫ



ықпал ететініне сенімдімін», – деді Президент.

Мемлекет басшысы халықаралық мәселелерге де ерекше назар аударды. Қасым-Жомарт Тоқаев геосаяси қақтығыстар мен қайшылықтардың, терроризмнің, төтенше климаттық жағдайдың жаһандық күн тәртібінен түспей тұрғанын әрі бұл дүниежүзінің қауіпсіздік архитектурасына нұқсан келтіретінін мойындау қажеттігін мәлімдеді. Оның айтуынша, барлық қауіп-қатер БҰҰ Жарғысында бекітілген халықаралық құқықтың негізгі қағидаттарының бір мезгілде бұзылуынан туындайды. Жаңа қағидаттар мен нормаларға сай келісімге келу үшін қолайлы жағдай жасаудың жалғыз жолы – диалог. Сондықтан бүкіл жанжал БҰҰ Жарғысы және жалпыға ортақ халықаралық құқық негізінде шешілуі тиіс.

Мемлекет басшысы Қатардың бітімгерлік рөліне және әлемдегі көптеген жанжалды, соның ішіндегі Палестинадағы жағдайды реттеуді

Жиында Қатар Мемлекеті Консультативтік Кеңесінің төрағасы Хасан бен Абдулла Әл Ганима сөз сөйледі. «Сіздің Қатарға алғашқы мемлекеттік сапарыңыз екіжақты қарым-қатынасты стратегиялық деңгейге көтеруде өте маңызды қадам саналады. Осы ретте сіздің сапарыңыздың аясында Консультативтік Кеңеске келуіңіз екіжақты байланыстарға, парламенттік дипломатияға тың серпін береді. Біз бұл бағытта жан-жақты жұмыс істеуге дайынбыз. Екіжақты ынтымақтастықты тереңдетуде Консультативтік Кеңес зор рөл атқарады. Екі ел парламенттерінің достық топтары бірлесе белсенді жұмыс істей бастайды деп сенемін», – деді Консультативтік Кеңестің төрағасы.

Мемлекет басшысының Қатарға мемлекеттік сапары кезінде үкіметаралық және парламентаралық деңгейде екіжақты келісімдерге қол қойылды.

АСТАНАДА МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН «ЖУРНАЛИСТ ЭТИКАСЫ» ТАҚЫРЫБЫНДА ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ ӨТТІ. БҰЛ ІС-ШАРА БАҚ САЛАСЫНДАҒЫ ЭТИКАЛЫҚ НОРМАЛАРМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ТАЛҚЫЛАУ МАҚСАТЫН КӨЗДЕДІ.

Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева өз сөзінде шынайы ақпарат беру мен оқиғаларды объективті жариялау жөніндегі ережелерді сақтау, журналистің әлеуметтік жауапкершілігі мен кәсіби адалдығы, жеке өмірі мен қадір-қасиетін, қоғамдық мүдделерді, жалпыға ортақ құндылықтар мен мәдениеттердің алуан түрлілігін құрметтеу жаңа әлемдік ақпараттық және коммуникациялық тәртіпті сақтауға және нығайтуға әсер ететінін атап өтті.

«Мойындау керек, бүгінгі

журналистиканың ең күрделі әрі талас туғызатын мәселелерінің бірі», – деп атап өтті Аида Балаева.

Министр гиперәкпараттандыру және цифрландыру дәуірінде, оның ішінде кәсіби этиканы сақтау мәселесінде әлемдік дәстүрлі журналистика біраз қиындықтармен бетпе-бет келгенін айтты.

«Цифрлық медианың үстемдік құруы қазіргі журналистикадағы этикалық дағдарыстың себепшісі

ажырата алмайды. Қазақстандық қоғамда фактчекинг және верификация сияқты ұғымдарды нығайту маңызды. Себебі журналистердің негізгі кәсіби міндеті – нақты фактілерді хабарлау және оқиғаны еш бұрмаламай жеткізу», – деді Аида Балаева.

Сондай-ақ министр «дау-жанжалға сезімтал журналистика» мәселесін қозғады, оның басты мақсат – этносаралық қатынастар, кемсіту, харассмент, суицид, зорлық-зомбылық, қылмыс сияқты күрделі және нәзік тақырыптарды, әсіресе, балаларға қатысты ақпараттарды мұқият әрі асқан сақтықпен тарату.

ЖУРНАЛИСТІҢ МІНДЕТІ – ДЕРЕКТІ БҰРМАЛАМАУ



Фото: ©El.kz/
Артем ЧУРСИНОВ

журналистиканың мәртебесі оның қоғам және мемлекет алдындағы маңызы мен рөліне сәйкес келмейді. Ақпараттық контент жасап жүргендердің кейбірі этика принциптерін ұстанбайтын және кәсіби білімі жоқ адамдар. Олар резонанс туғызған оқиғаларды жариялауда хайпқа жол беріп, құпия ақпараттарды, жеке сипаттағы материалдарды көпшілік назарына ұсынып жатады. Сондықтан этика тақырыбы заманауи

болды. Цифрлық контентті барлық адам жариялай алады, оның ішінде кәсіби білімі жоқтар да бар. Шекара анық болмаған жағдайда, этикалық принциптерді сақтау, өз қызметің үшін жауап беру өте қиын.

Бұл жағдай жалпы журналистикаға деген сенімнің төмендеуіне әкелетінін байқадық. Өйткені жұртшылық көп жағдайда кәсіби сапалы дайындалған, этикалық тұрғыдан тексерілген ақпарат пен шындыққа жанаспайтын фейктің ара-жігін

Медиа этика саласындағы өзекті мәселелерді шешу үшін министр жоғары оқу орындарында журналистер мен редакторлардың кәсіби этика негіздері мен қағидаттарын оқыту, тренингтер мен семинарлар өткізу жөніндегі жұмысты күшейтуді ұсынды.

Қазақстан Республикасы журналисінің этикалық кодексі маңызды құрал болып қала береді. 2012 жылдан бастап күшіне енген бұл құжат бүгінгі медиа саланың дамуы мен қоғамның сұраныстарына сәйкес қайта қарауды талап етеді.

Аида Балаева журналистика этикасының мәселелерін редакциялар мемлекеттің араласуынсыз өздері реттеуі керек екенін айтты.

«Біз өз тарапымыздан бүгінгі алқалы жиында айтылған барлық ұсыныстарды, соның ішінде журналистердің жаңа ҰЕҰ құруы туралы ұсыныстарды қолдауға дайынбыз», – деді министр.

АТА-БАБАЛАРЫМЫЗ «ЕЛГЕ ЕЛ ҚОСЫЛСА – ҚҰТ» ДЕП БЕКЕР АЙТПАҒАН. ОНЫҢ РАСТЫҒЫНА ҮКІМЕТТИҢ ІС ЖҮЗІНДЕ КӨЗІ ЖЕТЕТІНДЕЙ СЫНАҚ КЕЗЕҢІ ӨТТІ. ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫ БІР МИЛЛИОНҒА ЖУЫҚ ҚАНДАСЫМЫЗ ЕЛГЕ ОРАЛЫП, ЕҢБЕК ЕТІП, АТАЖҰРТЫНДА ӨСІП-ӨНІП ОТЫР.



арғы-бергі дәстүрімізге, кейде өркениет қағидаттарына қайшы да келіп жатады.

Мысалы, атажұртқа оралуға ниет білдіргендерге ДНК мен дактилоскопия тапсыру керектігі квота бөлуді, «қандас» мәртебесі мен азаматтық алуды едәуір киындатып жіберген. Бірқатар өзгерістің нәтижесінде бұрын 5 жұмыс күнінде берілетін қандас куәлігі қазір 35 жұмыс күніне ұзартылған. Ал мұндай куәлігі жоқ қандастар азаматтық алуға құжат тапсыра алмайды.

Қандас мәртебесі бұрын Халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы берілетін. Ал қазір қандас куәлігін алу үшін тек «Құтты мекен»

Тарихи отанына оралғысы келетіндердің ниетіне ешкім шүбә келтіре қоймас.

Деректерге сүйенсек, қазір дүние жүзінің 40-тан астам елінде 7 миллионға жуық қандасымыз өмір сүріп жатыр екен. Оларды ертеңгі күні мен ұрпағының болашағы алаңдатып отырғаны да ақиқат. Өйткені өзге елдерде саны аз қандастарымыздың тілге, білімге және ақпаратқа қатысты бастан кешетін қиыншылығы жетерлік.

Сондықтан үкіметаралық комиссиялардың жұмысында осы өзекті мәселелер ескеріліп, тиісті мемлекеттік органдарға шетелде тұратын қазақтарға қамқорлық жасап, қарасу дербес міндеттелгені жөн деп есептейміз. Әйтпесе,

соңғы жылдары отанына оралып жатқан қандастарымыз бірқатар кедергілерге тап болып жатқаны жасырын емес. Кедергінің кейбірі

ҚАНДАС БАУЫР





қосымшасы арқылы онлайн өтініш беру керек. Шетелдегі қазақтар

ала алмай, кері көшіп кеткендер де бар көрінеді. Айталық, бір жылдың

болғанда, ата-бабамыз аманаттаған кең-байтақ жердің (қала, кент, аудан, ауыл) бір пұшпағын бөлісу әділеттік болмай ма?

Осынау стратегиялық мәселеде тиісті министрліктер жайбарақаттыққа бой алдырғанын жаңарған қоғам түсінбей отыр.

Біздіңше, көші-қон саясатында әділетті Қазақстанның халықаралық тәжірибеге сәйкесетін айқын ұстанымы болуы тиіс. Мұндай қадам қандастарымыздың азаматтық алуын қиындатқан түрлі шектеуді түбірімен жояды. Ол үшін тиісті заңға өзгертулер мен толықтырулар енгізуді кезек күттірмейтін маңызды елдік іс деп санаймыз.

ЕМЕС ПЕ?

(Ауғанстан, Пәкстан, Иран, ҚХР-Синьзянь т.б.) ол қосымшаға оңайлықпен кіре де алмайды.

Тығырықтан шығар жол бар ма?

Осы саланы зерделеген сарапшылардың ұсынысы: қандас мәртебесін Халыққа қызмет көрсету орталықтары және Қазақстан елшіліктері мен консулдықтары арқылы алуға жол ашу керек.

Оның үстіне бұрын өздігінен көшіп келгендер «Құтты мекен» қосымшасына енбей калған. Сонда атажұртта бірде-бір туысы жоқ бауырларымыз «қандас» мәртебесін қалай алмақ?

Осындай орашалақ талаптың кесірінен немесе уақытысында куәлік берілмеуі себепті азаматтық

ішінде Қытай, Монғолия елінен келген 200-ден астам отбасы кері көшіп кетуі жауапты орындарда ешкімді толғандырмағаны қалай?

Әрине, елімізде көші-қон жөнінде қалыптасқан мемлекеттік саясат бар. Ішкі көшті және шетелден келетіндерді жұмысшы күшіне мұқтаж облыстарға бұрып, жайғастырған жөн. Жеңілдіктер белгіленген кезде өңірдің климаттық, әлеуметтік жағдайы ескерілгені орынды. Мәселен, оларға ерекше тәртіппен тұрғын үй, жер бөліп беру жөнінде, керек кәсіпті дөңгелетіп әкетуіне жағдай туғызу туралы аз айтылып жатқан жоқ. Шындығында, шеттен келген бауырларымыз бізбен қандас



ДАРХАН МЫҢБАЙ,

МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ

БҮГІНДЕ ҚҰЛАҚ ҚҰРЫШЫН ҚАНДЫРАТЫН ӘУЕЗДІ ӘН АЗАЙЫП КЕТТІ. ЖҰРТТЫҢ БӘРІ ДАҒАЗА МУЗЫКАҒА ӘУЕС. ӘННІҢ ӘУЕНІ ЕМЕС, СӨЗІНЕ ДЕ МӘН БЕРІП ЖАТҚАН ЕШКІМ ЖОҚ. ОСЫ ОРАЙДА БІЗ ТҮРКІСТАН ӨҢІРІНДЕ ТҰРАТЫН ҚАЛАМЫ ҚАРЫМДЫ ЖУРНАЛИСТ ӘРІ КОМПОЗИТОР БЕКЖІГІТ СЕРДӘЛІМЕН АРНАЙЫ СҰХБАТТАСЫП, БҮГІНГІ ӘННІҢ ЖАЙ-КҮЙІ ЖАЙЫНДА ӘҢГІМЕ ӨРБИТТІК.

БЕКЖІГІТ СЕРДӘЛІ:

500-ДЕН АСТАМ «ӘНІМЕН» МАҚТАНАТЫН «ИНКУБАТОР» САЗГЕРЛЕР КӨБЕЙДІ

Jas Qazaq: Бекжігіт Кенжебекұлы, «Әннің де естісі бар, есері бар» дегендей, қазір тыңдасаң құлаққа түрпідей тиетін әндер көбейді. Саны көп, сапасы жоқ. Ұлттық эстрадамыздың бұлай ұсақталып кетуіне не себеп деп ойлайсыз?

Бекжігіт Сердәлі: Бірінші себеп, ықылым заманнан атадан балаға мирас

болып келе жатқан халықтық ән қайнарынан айрылып қалғанымыз. Бүгінде, несін жасырамыз, халық әндерін тыңдаушылар сиреп барады. Одан гөрі әр жерден плагиаттап көшірілген алқын-жұлқын би әндерін тыңдаушылар көбейді. Халық әндерін тыңдамай, оның мән-мағынасы мен ішкі иіріміне қанықпай, оны жан дүниесімен сезінбей ән жазамын деу қылмыспен тең дер едім.

Өкінішке орай, қазір екінің бірі төрт-бес нотаның басын құрап ән шығарғыш болып алды. Әннің ырғағы да сақталмайтын болды. Өз әнін өзі «плагиаттап», күнде алты әуен жазбаса басы ауыратын, 500-ден астам «әнін» мақтан ететін «инкубатор» сазгерлер көбейді. Өмірінде бірде-бір халық әнін тыңдамаған ән жазғыштардың ойлайтыны – «хитмейкер» болу, тез танылып, «жұлдыз» атану, ар жағында миллион «лайк» жинап, ақшаның астында қалу. Әуенінің бірінші қатары 6 буын, екінші

қатары 8 буын, үшінші қатары 5 буын, төртінші қатары 11 буын ән тудырып, мұндай «есалаң» бунақтарға сөз жазар жөні түзу ақын таппай, өзі «ақын» бола салатындар да көбейді. Не буыны, не ұйқасы жоқ осындай әуендерге сөз жазып беріп жүрген ақындарға таң қаламын!

Әуен өңдегіш компьютерлік технология шыққалы бері біз тіпті төл ән-әуенімізден айрылып қалдық. Себебі күйсандықта отырып, не болмаса қолына домбыра, гитара ұстап ән тудырушылардан гөрі, компьютер басында отырып-ақ дайын музыка дыбыстары мен ұрмалы аспаптардың шаблондарын тректерге қаз-қатар тізе қойып, ыңылдап ән шығарушылар жеңіл жол тауып алды. Ырғағы даңғаза биге жақын болған соң ба, сол әуендер өтімді болып тұр. Әншілер де соларға құмар.

Jas Qazaq: Қазір әннің сөзі сүзгіден өтпейді. Кей орындаушы оның сазын да, сөзін де өзі жазады. Қалай ойлайсыз, ән жазу кім көрінгеннің ермегіне айналып кеткен жоқ па?

Бекжігіт Сердәлі: Осы салада жүргеннен кейін мәдени іс-шараларда көбірек отыруға тура келеді. Сонда байқайтынымыз, сахнаға ұсынылар бағдарлама репертуарына жергілікті концерт ұйымдастырушылардың жүрдім-бардым қарайтыны. Халық талғамына бірде-бір халық әні ұсынылмайды, не әні, не сөзі келіспеген жеңілтек әндер көбірек еніп жатады. Бұл концерт бағдарламасын алдын-ала бекітіп алатын кәсіпқой көркемдік кеңестің жоқтығы. Барлығы сол концертті ұйымдастырушы жалғыз адамның таным-талғамымен шешіліп жатады. Осыдан кейін «қазіргі жастар жақсы ән тыңдамайды» деп қалай өкпелейміз.

Әнін де, сөзін де өзі жазатын композиторлардың көбейіп кеткені рас. Бұл олардың өз әндеріне деген жанашыр көзқарасының жоқтығы.

Мысалы, қаншама ғажап әндер туғызған Шәмшінің өзі өмірінде бір ғана әніне сөз жазыпты. Жазса, тәп-тәуір-ақ жазатыны байқалып тұр. Бірақ жазбаған. Тек ақындарға ғана жаздырып отырған. Себебі әр әннің өз характері, өз табиғаты, өз иірімі болады. Сондықтан оның салмағын тек әнге сөз жазып жүрген ақындар ғана терең ұғына алады. Ал «өзім-ақ сүйкей саламын» деу әуені мен мәтінінің үйлеспей қалуына әкеліп тірейді. Әлгіндей буын мен бунақтың үйлесім таппай жататыны содан. Ақынның – ақын, сазгердің – сазгер күйінде қалғанын дұрыс көреміз.

Jas Qazaq: Соңғы кезде қазақ тіліндегі әндерге орысша, ағылшынша сөздерді араластырып айту да көбейіп кетті. Ақынға қоятын белгілі бір талаптарыңыз бар ма? Бұл тұрғыда не дейсіз?

Бекжігіт Сердәлі: Қазіргі «хит» әндердің кез-келгенін тыңдаңыз, ырғағы биге тартып тұрғанымен, сөзінде титімдей де мағына жоқ. Ән сөзін өзге тілмен шұбарлау да «сәнге» айналып барады. Кез-келген ортада, той-томалақта халық қайта-қайта өтініп сұрап, ойнатып жүрген «Балқия» әнінің бір шумағын ғана мысал етейік:

*Кездестік біз сол кеште тойда,
Дедім бірден: «Она моя»!
Жүрмейді екен жүрекке айла,
Құдаша қыз моладая.
Билеп шықтым ортаға қарай,
Құдашаға құшақ жая.
«Ей, қарындас есімің қалай,
Дорагая»!*

Бұл әннің сөзін жазған ақынды осал ақын дей алмаймыз. Мұнда ақынның әнші талғамына алданып, «хит» іздеу, тілі шұбар жастарға «ұнау» синдромы басымырақ болғаны байқалады. Мұндай әндер мысалға келтірсек өте көп. Ұлттық намыстың жоқтығы, талғамның төмендегі, міне, бізді

осындай тығырыққа тіреп отыр. Ән тудырушы тыңдар халықтың талғамынан алыстай бастаған кезде оның шығармасының ғұмыры ұзақ болады деп айта алмаймыз.

Jas Qazaq: Композитор ретінде қандай әндерге мән бересіз? Сіз үшін ән шығаруда ең маңыздысы не?

Бекжігіт Сердәлі: Өзіңіз қолыңыздағы смартфоннан, не болмаса радиодан талай ән тыңдап жүрген шығарсыз. Сізді қайдам, өз басым алғашқы нотасы естілгеннен-ақ қай халықтың әні екенін шамалап біліп ортырамын. Өзбек, қырғыз, грузин, түрік, араб, саха т.б. халықтардың композиторлары өздерінің әуендерінде ұлттық колориттерін негіздеп алған. Олар сол халыққа ғана тән әуен иірімдерін қоспай ән тудырмайды. Бұрын бізде де солай болған. Кең тынысты Біржан, Ақан, Мұхит әндері естілгеннен-ақ қазақ ән-әуені екенін көш жерден ел танитын. Әміре Парижде «Балқадишаны» әуелете шырқағанда, Еуропа жұрты не үшін таң қалды дейсіз? Қазақ әнінің кең тынысты диапазонына бас иген болатын. Қазір ше? Кімнің әуені араласпай жатыр бізде? Мұхиттың арғы жағындағы латын американа әуені дейсіз бе, араб әуендері ме, өзбек әуендері ме, бәрі-бәрі бір-біріне міңгесіп, қойыртпақ болып жүр. «Мынау қазақ әні!» деп біреу шұқып айтпаса, ажырата алмайтын күйге жеттік. Сондықтан, жоғарыда айтқанымыздай, біз өзіміздің төл әуенімізді әнімізге өзек етіп алмай, әуесқой композиторларымыз өзінің қазақ әнін тудырушы тұлға екенін сезінбей, таяу он-он бес жылда «қазақ әні» деген құндылығымыздан мүлдем айрылып қалуымыз бек мүмкін. Ән шығарудағы ең маңызды критерий осы.

Jas Qazaq: Қазір жастарымыз жеңіл-желпі әндерге әуес. Одан бөлек, бірыңғай тойға арналған әндер де қаптап кетті. Бұл қазіргі

тыңдарманның талғамы ма?
Әлде біз ескі де есті әндердің
тыңдаушыларын жоғалтып
алдық па?

Бекжігіт Сердәлі: Жастардың,
әлгінде айтқандай, күндіз-түні
құлақтарына құлаққаптарын

әнін тыңдамаймыз
ба?» деп өтініш
жасайтын күйге
жетті. Ал семестр
соңында көпшілігінің
халық әндерін сүйіп
тыңдай бастағанын

БЕКЖІГІТ СЕРДӘЛІ:

500-ДЕН АСТАМ «ӘНІМЕН» МАҚТАНАТЫН «ИНКУБАТОР» САЗГЕРЛЕР КӨБЕЙДІ

тығындап алып тыңдайтыны –
шетел әуендері, болмаса өңі
айналған кавер әндер. Неге?
Олардың талғамы өзгерді
дей алмаймыз. Насихат
жоқ! Қазақ әндерін жастар
арасында насихаттайтын жүйе
қалыптаспаған бізде. Мен өз
студенттеріме әр сабақ соңында,
сабақтың бітуіне бес минут
қалғанда, бір халық әнін тыңдатып
дәрісті аяқтайтын эксперимент
жасап көрдім. Басында кейбір
жастар құлықсыз тыңдағанымен,
төрт-бес дәрістен кейін «Халық

сездім. Демек бізге халық әндерін,
қазақ композиторларының
әндерін жастар жиірек отыратын
Инстаграм, не болмаса Тик-Ток
сияқты әлеуметтік желілерде
көбірек насихаттау тетігін табу
керек.

Бүгінде біріңғай тойға арналған
билейтін шығыс үлгісіндегі
әндердің қаптап бара жатқаны
рас. Тіпті сол тойда домбырамен,
не гитарамен баяу ән айтыла
бастаса, жақтырмаған кейіп
танытып, тыңдамайтын күйге
жеттік. Міне, біз осылай қазіргі



тойшыл қауымның талғамын
елірме әндерге үйретіп алдық.
Осыдан келіп Ютубта сол
елірме әндерге лепіре билеген
адамдардың жасырын сыртынан
түсіріп алған бейнежазбалары
шыға қалса, уылған-шуылған боп
ренжіп жатамыз. Менің түсінігімде,
той – ағайынмен ай-жылында
бір көрісіп демалатын орта.
Сондықтан ол жерді азан-қазан
шуға айналдырмай, елді секектетіп
билетпей, есті ән тыңдап, ақжарма
тілек тыңдап, демалып қайтатын
шараға айналдыру жағын да
қамдауымыз керек.

Jas Qazaq: Сіз журналистика мен
композиторлықты қатар алып
жүрген жансыз. Дегенмен бүгінгі
сұхбатымыз сіздің композиторлық
қырыңызға бағытталды. Қазір
шығармашылықпен айналысып
жүрсіз бе?

Бекжігіт Сердәлі: Ән
жазғымыз келеді-ау. Өкініштісі,
өзіңіз айтқандай, бүгінгі ән
тыңдарманының талғамынан шығу
қиын. Сондықтан анда-санда көңілге
келген әуенді нотаға түсіргеніміз
болмаса, былай көп ән жаза
бермейміз...

Jas Qazaq: Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан
Мақпал МАХАМЕТҚЫЗЫ

**БИЫЛ КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ
БАТЫРЫ, ХАЛЫҚ ҚАҺАРМАНЫ,
АРМИЯ ГЕНЕРАЛЫ САҒАДАТ
НҰРМАҒАМБЕТОВТИҢ
ТУҒАНЫНА 100 ЖЫЛ ТОЛАДЫ.
БҰЛ ДАТАНЫҢ ЕЛ ӨМІРІНДЕГІ
ЕЛЕУЛІ ОҚИҒА ЕКЕНІН
МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-
ЖОМАРТ КЕМЕЛҰЛЫ ТОҚАЕВ
ЖЫЛ БАСЫНДА «ЕГЕМЕН
ҚАЗАҚСТАН» ГАЗЕТІНЕ БЕРГЕН
СҰХБАТЫНДА АТАП ӨТКЕН
БОЛАТЫН.**

ТУМЫСЫ БӨЛЕК ТҰЛҒА

КОМБАТТАН ҚОЛБАСШЫҒА ДЕЙІН

Батырдың балалық шағы тауқыметке толы болды. Сағадат дүниеге келместен бір ай бұрын әкесі Қожахмет көз жұмады. Алты жасқа толар-толмаста анасы Айса о дүниеге аттанып кете барады. Осылайша бала Сағадат ағасы Сағит пен жеңгесі Құлтайдың қолында тәрбиеленеді.

Сабаққа ынтасы зор, мұғалімдерінің ерекше ықыласына бөленген Сағадат өзі қатарлы сыныптас орыс балаларынан озып, екі сыныпты бір жылда аяқтай жүріп, мектепті де бітіреді. Жастайынан ағасы мен жеңгесіне қолғанат болады



Сол екі ортада соғыс өрті бұрқ ете түседі. Ағасы Сағит майданға аттанып, көз ұзамай Новгород түбінде қаза табады. Осыдан соң отбасының бар ауыртпашылығы Сағадаттың иығына түскен болатын. «Менің алғы шебім» кітабында өзінің осылайша бала жастан ересектермен қатар тер төгіп, еңбекпен есейгенін жазады.

Ағасының қаза тапқаны туралы қара қағаз келгесін ол майданға сұранып, әскери комиссариаттың табалдырығын тоздырады. Талай рет жасың жетпейді деп кері қайтарған. Алайда қайтпас қайсар

бала алған бетінен қайтпайды. Ақыры әскери комиссар оны әскери училищеге оқуға жібереді. Сегіз айдан соң Бірінші Түркістан пулеметшілер училищесін үздік бітіріп майданға аттанады.

Он тоғыз жасар өрімдей лейтенант. Пулеметшілер взводының командирі. Қарамағындағылардың басым көпшілігі ұрыста ысылған, сақа солдаттар, кейбірі әкесі қатарлы. Оларды басқару оңай емесі анық еді. Әйтсе де өмір мектебі ерте есейткен, көргенін қағып алатын қағылез жігіт соғыс өнерін сол

солдаттарымен бірге меңгереді. Оның от кешкен майдан жолы Кубаньнан басталып Донбасс, оңтүстік Украина, батыс Белоруссия, Молдавия, Польша арқылы Берлинде аяқталды. Гитлердің рейхсканцеляриясын алғанда атқыштар батальонының командирі, Кеңес Одағының батыры Сағадат Нұрмағамбетов жиырма бір жасқа да толмаған болатын!

1945 жылдың сәуірінде оны командование Кеңес Одағы батыры

түскім келеді, болмаса ешқашан! Әйтпесе, әскерден босатыңыз!» дейді. Генерал да азамат екен сөзге тоқтайды. Осылайша бір ауыз сөз бүкіл ғұмырын әскери қызметке арнауға жол ашады.

Академиядан соң әскери қызметтің барлық баспалдақтарынан өтіп, ұзақ жылдар бойы Орта Азия әскери округі қолбасшысының орынбасары, Венгриядағы Кеңес армиясы Оңтүстік тобы қолбасшысының

қалуына жағдай жасады. Қазақ генералдарының алғашқы шоғыры сөз жоқ С.Нұрмағамбетовтің шинелінен шыққан. Олар да ақсақалды ұстаз тұтып, әрдайым ерекше ықыласпен еске алып отырады.

Сол кезгі кезек күттірмес мәселе әскери құрылыстың негізгі міндеттерінің бірі нормативтік-құқықтық базаны қалыптастыру, әскерлерді тиімді басқару жүйесін құру болатын. Сондай-ақ, әскери

ТУМЫСЫ БӨЛЕК ТҰЛҒА

атағына екінші рет ұсынады. Енді 1052-ші атқыштар полкінің командирі, Кеңес Одағы батыры полковник А.Пешков қол қойған құжат сөйлесін: «24 апреля 1945 года батальон майора Нурмагамбетова, сломив упорное сопротивление противника ворвался в Берлин. Мастерски управляя батальоном, в сложных уличных боях с большими группами фаустников и автоматчиков уничтожил 45 и захватил в плен 1560 гитлеровцев и ликвидировал девять опорных пунктов. В этом бою майор Нурмагамбетов был ранен. Достоин награждения второй медалью «Золотая звезда».

Қыр баласына келгенде жоғары жақтың қырсығып қалатын әдеті емес пе, «Алтын жұлдыздың» орнына осыны да қанағат тұтсын дегендей «Қызыл жұлдыз» орденін береді.

1946 жыл. Егер оның тумысынан қайсарлығы болмағанда Фрунзе атындағы әскери академияға түспеуі де мүмкін еді. Емтихандарды сәтті тапсырып болған соң, офицерлерді жеке-жеке мандаттық комиссиясының төрағасы генерал-лейтенант Сухомлинов қабылдайды. Ол «сен небәрі жиырма екіде екенсің, әлі жап-жассың, Академияда оқуға ертерек» дегенді айтады. Сонда Сағадат жұлып алғандай: «Соғысқанда жас болмадым, оқуға келгенде жас болып қалдым ба? Менің қазір

бірінші орынбасары қызметтерін атқарады. Кеңес Одағы кезінде мұндай жоғары әскери лауазымда болған қазақ азаматтары некен-саяқ.

Қазақстан тәуелсіздік алған тұста генерал-лейтенант С.Нұрмағамбетов құрметті демалыста болатын. Елдің егемендігін сақтап, оны нығайта түсу үшін шегеге ілген шинелін қайта киюге тура келді.

Қолбасшыдан қорғаныс министріне дейін 1992 жылы Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін құру туралы Президент Жарлығы шықты. Сол Жарлық бойынша С.Нұрмағамбетов еліміздің қорғаныс министрі болып тағайындалып, оған генерал-полковник әскери атағы берілді.

Ел аумағында орналасқан барлық әскери құрамалар, бөлімдер, мекемелер ресми түрде Қазақстан Республикасының құзырына өтіп, оның жаңадан құрылған Қарулы Күштерінің құрамына енгізілді. Алғашқы күндерден бастап ұлтық әскери кадрлардың тапшылығы байқалды. Қорғаныс министрі Кеңес Одағының түкпір-түкпірінде, ар жағы Германияда бер жағы Түркіменстанда әскери қызмет атқарып жүрген қазақ офицерлерін елге шақырды. Бастарын бір жерге жиып, оларды басшылық қызметке тағайындай бастады. Сонымен қатар, әскери тәжірибесі мол басқа ұлт өкілдерінің де Қазақстанда

қызметшілердің мәртебесін, әскери қызметтің түрлерін, мерзімі мен мазмұнын, әскери атақ беруді, қызмет бойынша өсуді, Қазақстан армиясының әскери нышандары мен атрибуттарын айқындау мәселелерін заң аясында шешуді уақыт талап етті.

Алғашқы Әскери доктрина қабылданды. Қарулы Күштердің құрылымы мен құрамы түзілді, ықтимал қауіптер негізінде мемлекеттің әскери географиясы қайта қаралды.

Бір сөзбен айтқанда, С.Нұрмағамбетовтың басшылығымен салыстырмалы түрде қысқа мерзімде орасан зор жұмыстар атқарылды. Қазіргі еліміздің Қарулы Күштерінің заманауи бейнесінің негізі сол тұста қаланды.

Құрметті демалысқа шыққан соң да Сағадат аға армиямен тығыз байланысты болып, қоғамдық өмірге, әскери-патриоттық тәрбие ісіне белсене араласты.

2005 жылдың 9 мамырында Екінші дүниежүзілік соғыстағы Жеңістің 60 жылдығына арналған Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеяның салтанатты отырысында сөз алған жалғыз ардагер – Қазақстанның өкілі, Кеңес Одағының Батыры С.Нұрмағамбетов болды. Ол өз сөзінде «Майдан жолдарымен мыңдаған шақырым жүріп өтіп, соғысты Берлинде аяқтаған және Еуропаның бірқатар елдерін



ХАЛЫҚ ЖҮРЕГІНДЕГІ ҚАҺАРМАН

Көзінің тірісінде аңызға айналған адамның қол астында қызмет ету бақыты бұйырды, батырдың қамқорлығын көрдік, тәрбиесін алдық. Тумысы бөлек тұлға жүзге толып жатқанда жүз жол естелік жазбасақ арымызға – сын. Жеке архивімді ақтарып отырып, сарғайған қағазды – қорғаныс министрі, армия генералы С.Нұрмағамбетовтің мені әскер қатарына шақырып, әскери тілші лауазымына тағайындау туралы бұйрығының көшірмесін тауып алдым. Көңілім толқып, көз алдымда өткен күндердің елесі тізбектеле берді.

Тұңғыш қорғаныс министрінің тікелей нұсқауымен «Қазақстан сарбазы» газеті, ҚМ Телефотостудиясы,

ҚМ Баспасөз қызметі құрылды. Майдангер ретінде ол мылтықтан да мықты қару – әскери баспасөзге қатты мән берді. Ақпарат саласында ақсақал ерекше іш тартқан үш адамның аты-жөнін атап өтпесем болмайды. Олар – қазақ әскери журналистикасының бастауында тұрған, бүгінде отставкадағы полковниктер Сапарғали Жағыпаров, Алтынбай Дәуренбеков және Қайыр Дінбаянов.

2001 жылы Қазақстан Қарулы күштерінің құрылғанына 10 жыл толуына орай Президент телерадиокешені деректі фильм түсіріп, оған полковник Қ.Дінбаянов екеуміз кеңесшілік жасаған едік. Сол жолы Сағадат ағамен бір жарым сағаттай сұхбат құрдық. Көбісі, әрине, кадр сыртында қалды. Майдан жайлы айта келіп: «Бізді батыр дейді. Біз батыр емеспіз. Қан майданның алғашқы жылдарында

қаншама боздақ опат болды, міне нағыз батырлар солар!» – деген еді. Сол сәтте соғыстан оралмаған өзінің ағасы Сағитты да есіне алған шығар, кім білсін...

Соңғы рет 2011 жылы «Қазарнаулыэкспорт» мекемесінің бір жиынында кездесіп, әскерден кеткенімді естігенде: «Қайдағы пенсия?! Нағыз қызмет жасайтын кездерің, қылшылдап тұрсыңдар!» – деп кейігені бар.

Халық махаббатына да ол кісі түсіністікпен, бірақ биік парасат тұрғысынан қарайтын. «Былыр Қабанбай батырдың мавзолейінің ашылу салтанатына қатыстым. Сонда көпшілік ішінен бір келіншек. «Ата, баламның аузына түкіріп, батаңызды берсеңіз» – деп өтініш жасады. Мен болсам «Нәрестенің не жазығы бар, аузына түкірмей-ақ бетінен сүйіп, батамды берейін» дедім. Дәстүрдің де озығы, тозығы бар», – дегені есімде.

Қаһарман бейнесі – халық жүрегінде. С.Нұрмағамбетовтің аты Құрлық әскерлерінің Әскери институтына, ел астанасының бір көшесіне және Әскери колледжге (бұрынғы «Жас ұлан мектебі») берілді. Армия генералының туған ауылында тарихи мұражайы да бар. Онда батырдың жеке заттары – кителі, фуражкасы, қолсағаты, ППШ автоматы мен Максим пулеметі, барлығы екі жүзден астам экспонаттар қойылған.

Жыл бойына ер есімін еске алуға арналған түрлі шаралар жоспарланып отыр. Жақында С.Нұрмағамбетовтің ізбасары – республикалық «ҚР Қарулы Күштері ардагерлері» қоғамдық бірлестігінің төрағасы, Халық Қаһарманы, армия генералы М.Алтынбаев мемлекет басшысының атына хат жазып, даңқты батыр есімін өзі дүниеге келген Ақмола облысы Еңбек ауылына беру туралы ұсыныс жасады. Ұсыныс жерде қалмайды деп үміттенеміз.

Әбубәкір СМАЙЫЛОВ,
әскери журналист

*Суреттерді түсірген
Қайыр ДІНБАЯНОВ*

фашизмнен азат етуге қатысқан майдангер ретінде бұл барша адамзатқа сансыз құрбандар мен қасірет әкелген жойқын және қанды соғыс болды деп айта аламын», – деді. БҰҰ мінберінде тұрып Екінші дүниежүзілік соғыстың көзі тірі ардагерлері, сол жантүршігерлік және қайғылы оқиғалардың куәгерлері енді қателіктер мен текетірестердің қайталануына жол бермеулері керек, өйткені соғыс тарихының әрбір беті миллиондаған адамдардың қанымен жазылған деп сөзін түйіндеген болатын.

Тұлпардың тұяғы Талғат Нұрмағамбетов те әке жолын қуып әскери қызметті таңдады. Әзірге ол әскери медицина саласындағы қазақтан шыққан жалғыз генерал. «Қызыл жұлдыз» орденінің иегері, Чернобыль апатын жоюға белсене қатысушы Талғатты ақыры сол апаттың зардабы алып тынды.



БОЧЧА – ЕЛІМІЗДЕ ЕНДІ ӨРКЕН ЖАЙЫП, ҚАНАТТАНЫП КЕЛЕ ЖАТҚАН СПОРТ ТҮРІ. ТІРЕК-ҚИМЫЛ АППАРАТЫ БҰЗЫЛҒАН АДАМДАРҒА АРНАЛҒАН СПОРТ ТҮРІМЕН ШҰҒЫЛДАНАТЫН СПОРТШЫНЫҢ БІРІ – БАҚЫТЖАН ОМАСHEB. БҮГІНГІ КҮНДЕ ОЛ – БОЧЧА СПОРТЫНАН ҚҰРАМАНЫҢ МҮШЕСІ. JAS QAZAQ ПЕН «ШЕВРОН» КОМПАНИЯСЫ БІРЛЕСІП ҰЙЫМДАСТЫРҒАН «БӘРІНЕ ОРТАҚ ЖУРНАЛИСТИКА» ЖОБАСЫНА ҚАТЫСҚАН БАҚЫТЖАН БАЛА КҮНІНЕН СПОРТҚА ЖАҚЫН БОЛЫП ЕСЕЙДІ. БІЗ БАҚЫТЖАННАН БҰЛ СПОРТ ТҮРІНЕ ҚАЛАЙ КЕЛГЕНІН СҰРАДЫҚ.

бастады. Әсіресе, балалар мен жастар арасында кең таралып келе жатқаны, оған қызығушылардың қатары артқаны қуантады.

– Қандай халықаралық сайыстарға қатыстыңыз?

аналардың да қатары артып келе жатқаны қуантады. Спортшылардың қатары көбейсе, соңымыздан ерген жастар өсіп шықса, бәсекелестік артады. Бәсеке болған жерде даму, өсу болады. Спортпен кәсіби шұғылданып, боччаны серік еткелі өмірге деген құштарлығым, ерік-жігерім күшейді. Осы ретте «Jas Qazaq»

БАҚЫТЖАН ОМАСHEB:

«БӘРІНЕ ОРТАҚ ЖУРНАЛИСТИКА» СПОРТПЕН АЙНАЛЫСУЫМА ЖОЛ АШТЫ

– Бочча спортына қалай келдің?

– Өзіңіз білесіз, 2021 жылы «Jas Qazaq» газеті ұйымдастырған «Бәріне ортақ журналистика» курсына қатысқанда бұл менің спортпен шұғылдануыма да түрткі болды. 2022 жылы ДЦП-ның ауыр түрімен сырқаттанған досым хабарласып, елімізде осындай спорт түрі бар екенін айтты. Сосын ғаламтордан іздеп, зерттеп көрдім.

– Сонда бұл спорттың шарты қандай?

– Шарты да, ойнау ережесі де соншалықты күрделі емес. Десе де, өте епті болуың керек. Тірек-қимыл аппараты бұзылған жандардың ойыны саналатын, 1984 жылдан бастап паралимпиада ойындарының санатына енген спорт түрі болғандықтан, әлемде кеңінен танымал. Ойнаудың шарты да қарапайым. Әр түсті 12 доп беріледі. Одан басқа тағы 1 доп болады. Алдымен соны лақтырасың да, қалған допты соған қарай сілтейсің. Маңына жақындап баруы керек қалған доптарың. Жаңа айттым ғой, 1984 жылдан бастап паралимпиада ойындарына енген спорт 2018 жылдан бастап елімізде кеңінен дамып, жарыстар өткізіле

– Ресей мен Польшада өткен халықаралық турнирлерге барып келдім. Жүлде бұйырмады бірақ. Дегенмен де бар зейінімді осы спортқа арнап жаттығуды күшейтіп жатырмын. Ендігі мақсатым – Паралимпиада ойындарына қатысып, еліміздің мерейін асыру.

– Ұлттық құрама мүшелігіне қабылдандың, халықаралық сайыстарға да қатысып жүрсің. Ұнай ма осы спорт түрі?

– Әрине, алғашында қалай болар екен, меңгеріп кете алам ба деген уайым болғаны рас. Бірақ бочча спортының қыр-сырын білген соң өзіне қызықтырып, тартып әкетті. Бұған дейін жаттығу залына барып темір көтеріп, күшімді нығайтушы едім. Енді қазір боччамен айналысып, аптасына бес күн жаттығу өткіземіз.

– Осы спорт түрі қалай дамып жатыр?

– Менің білуімше, боччадан Қазақстандағы алғашқы үйірме Астана қаласында ашылды. Арбада отырған ДЦП, аутизм, даун сиондромына шалдыққан адамдар ойнайтын спорт түрін игеру үшін ерік-жігер қажет. Балаларын осы спорт түріне беруді қалаған ата-



газеті ұйымдастырған «Бәріне ортақ журналистика» курсына қатысып, көпшілікпен араласуды үйреткеніне, өзімнің ой-пікірімді еркін жеткізуіме септігін тигізгеніне разылығымды білдіремін. Курсқа қатысқанға дейін ұяң, тұйық, көпшілік арасында сөйлеуге қысылатын едім. Менің осы шектеуімді жойғаны үшін разымын. Спортты да тұрақты серік етіп шұғылдануыма пайдасы тиді. Өзім секілді тағдырдың сынағына тап болған ғаріп жандарға айтарым, өмірде мүмкін емес нәрсе жоқ. Адамның қабілеті барлығын да жасай алады, тек сенім мен ынта-жігер қажет.

– Әңгімеңе рахмет, Бақытжан. Алған бетіңнен қайтпа!

Сұхбаттасқан Қуаныш КӨШЕК

Суреттер Қазақстан бочча федерациясынан алынды

Бас редактор

Срайыл СМАЙЫЛ

Гүлнар АХМЕТОВА
Директор

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Оразәлі БАЙМҰРАТОВ
Бас редактордың орынбасары

Ғалия ҚАЛИЕВА
дизайнер/фотосуретші

Әбубәкір СМАЙЫЛОВ
Астанадағы меншікті тілші

Макпал НОҒАЙБАЕВА редактор
Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ
продюсер-менеджер

МЕНШІК ИЕСІ: «Аманат Медиа» ЖШС

Бас есепші **Расима ӘКІМБЕКОВА**

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй,
№83 кеңсе, 5-қабат

(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)

Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25

Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)